

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 тамыздағы N 1243 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Республикада сұйытылған газды өндірудің бәсекелестік рыногын құру және сату жөніндегі қабылданып жатқан шараларға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың өнімдеріне бағаны реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 қазандағы N 1171 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 44, 474-құжат):

1-тармақтың үшінші абзацындағы "мұнай өңдеу кәсіпорындарын" деген сөздер алынып тасталсын;

"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын монополиясыздандыру және тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулері үшін есеп айырысуды тәртіпке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 587 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 20, 177-құжат) :

1-тармақтың екінші абзацындағы "және сұйытылған" деген сөздер алынып тасталсын.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*